

Құрман орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында 10 сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылында 10 сыныпқа 25 оқушы қабылданды. Оның 13-і ұл бала, 12-і қыз бала. Сынып жетекшісі Сүндетова Меңтай Жолдығалиқызы. Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші - 41 % құрайды.

Екпінділер: Бағланұлы Әділет, Мақсатқызы Ұлмекен, Хамит Құндыз, Сисенбаева Ақтілек, Алқабекқызы Гүлнұр. Есқазина Нұрайым, Базарбаев Бекзат.

Отбасылық жағдайы: Сыныпта 24 толық отбасы, 1 толық емес отбасыдан, жағдайы қалыпты. Сыныптағы оқушылар Абзалұлы Еркінбай, Айсина Аружан, Асхатқызы Айым, Алқабекқызы Гүлнұр, Асқарұлы Ислам, Ахметов Санжар, Әділханов Ілияс, Әлім Кәусар, Базарбаев Бекзат, Бағланұлы Әділет, Болатбекұлы Нұрасыл, Есқазина Нұрайым, Ертаев Нұрхат, Жасұланұлы Ерұлан, Жолдығалиева Мөлдір, Жұмағалиев Майданбай, Мақсатқызы Ұлмекен, Қитанов Ержан, Қалқаман Салауат, Қошқаров Нұрболат, Қозыбай Диана, Мамаева Самал, Оразғалиева Ақбота, Сисенбаева Ақтілек, Хамит Құндыз. Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сынып оқушыларының тәртібі денсаулығы, таным дәрежесі, қабілеттері, жоғарғы сатыға қалыптасуы, мектепшілік шараларға қатысымы жақсы. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі байланыстамын. Тоқсан сайын ата-аналармен жүйелі жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде ата-аналар ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ұғынды. Жиналыстарды сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды. Ата-аналар оқушылардың жыл бойына сабағына қатысты. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына

сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай-9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша: «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап», «Парасаттылық туралы» «Ұстаз! Сіздің алдыңызда...»

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс): «Еңбек ер атандырады», «Менің бизнес идеяларым», «Қарттарым асыл қазынам», «Оян, ар мен адалдық», «Мен еріктімін», «Мейірімділік құндылығы», «Таным, Тағылым, Тәрбие»

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша: «Мен және менің құқықтарым мен міндеттерім», «Туған тілім – бабам тілі -өз тілім», «Үлкенге құрмет-кішіге ізет», «Өнегелі өмір», «Тарих пен тіл тамырлас», «Туған өлке ақындарының шығармалары», «Біздің қоғамдағы әділеттілік», «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау», «Профи TIME»

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша: «Жолда жүру ережелерін білесің бе?», «Отбасылық дәстүрлер».

«Ата-аналар мектебі» жобасы бойынша: «Қыз намысы-ұлт намысы», «Сабырлылық – асыл қасиет», «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» «Бәрі де Ана, бір өзіңнен басталады», отбасы құндылықтарын насихаттау.

«9 ай - 9 іс-шара» жобасы бойынша: «Туған тілім – бабам тілі -өз тілім», « Өзіңді мамандықтар әлемінде тап». « Болашаққа хат» атты танымдық сабақтар өткізілді.

«Балалар кітапханасы» жобасы бойынша: « Менің елім», « Жақұты барға жасын түспейді», « Мақал- сөздің азығы, жұмбақ -ойдың қазығы » атты тәрбие сабақтары өтті

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша: « Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл күй, күйзеліске түспеу». атты білім алушылардың әл- ауқатын нығайтуда білім алу ұйымдармен бірлесе спорттық ойындар өткізу.

Ұлттық сана –сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу, бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау мақсатында 10-шы сыныпта "Ұрпақ тәрбиесі –ұлт болашағы" атты ашық сабақ өтті.



Сонымен қатар, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының оспарына сәйкес ата-аналармен түрлі форматта жиналыстар өткізілді



Оқушылар «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітаптар оқып, сынып жетекшілерімен бірге талқылады.



Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатысты.

| Терме үйірмесі | Дебат үйірмесі | Драма үйірмесі | Физика үйірмесі |
|---|-----------------------------|----------------|---|
| Сисенбаева А Жолдығалиева М Мамаева С | Есқазина Н Алқабекқызы Г | Алқабекқызы Г | Сисенбаева А Жолдығалиева М Мамаева С Оразғалиева А Қозыбай Д |

Тәрбие бағыттары бойынша сынып сағаттары уақытында өткізілді. Биылғы оқу жылындағы тәрбие жұмысының өту барысы қанағаттанарлық.

Сынып жетекшісі: М.Ж. Сүндетова